

CAMCA  
Central Asian  
Mammals and  
Climate Adaptation

Қатысуға өтінім қабылдау  
Алматы, Қазақстан  
2024 жылғы 17–20 қыркүйек



## «Климат және экологиялық сторителлиң» Журналистерге арналған трениң



### Журналистерге арналған трениң жайлы

Бұл трениң — Тәжікстан, Қырғызстан мен Қазақстанда секілді Орталық Азия елдерінде өтіп жатқан ЮНЕП САМСА жобасының бір бөлігі. Жобаның негізгі мақсаты — қоныс аударатын сүтқоректі түрлеріне климаттың өзгеруінің тікелей әсерін, сондай-ақ жергілікті халыққа климаттың өзгеруі қалай әсер ететінін ашып түсіну.

Трениң Қазақстан журналистерінің климаттың өзгеруі мен биоәралуандықты сақтап қалу арасындағы байланыс туралы көбірек ізденіп, сторителлиң жүргізу қабілетін жақсартуды көздейді. Оқу бағдарламасында жоба аумақтары — «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты мен Қараой және Жиделі ауылдарына барып қайту қарастырылған.

### Мақсаты

Семинарда климаттың өзгеруі мен табиғат қорғау саласындағы нақты жағдай туралы ақпарат таратудың тиімді әрі қызық жолдарының стратегиясы ұсынылады. Қатысушылар жергілікті, аймақтық, халықаралық БАҚ

жариялай алатындай материалдарды ғылымға сүйене отырып дайындауды үйреніп, дағдыланады.

Бұқаралық ақпарат құралдарына деп семинар барысында және семинардан кейін дайындалған сюжеттер жергілікті халықтың мәдениетін, дәстүрін, коммуникация стратегияларын, гендер мәселелерін, әр жердің тұлғааралық әрі әлеуметтік ерекшелігін ескере отырып, зерттеу аумағындағы нақты жағдайды көрсетуі керек.

### Қандай нәтиже күтеміз?

Трениң біткеннен кейін қатысушылар:

- Климат өзгеруінің салдарын толығырақ түсінеді.
- Кедей және маргинал халыққа климат өзгеруінің салдарын айтып берудің түрлі тәсілдерін үйренеді.
- Қазақстандағы экология мәселелері туралы айтатын журналистер, БАҚ және сарапшылар қатарына қосылады.

- Аз уақытта шағын мақала жазуға немесе сұхбат алуға дайын болады.
- Қалай сұрақ қою керегін, далада сұхбат алып, оны қызық етіп көрсетуді үйренеді.
- Климат пен қоршаған ортаға қатысты оқиғаларды баяндайтын арналар мен бұқаралық ақпарат құралдары туралы жұртқа айта алады.
- Климат мәселелері туралы және экология мәселелері, табиғат қорғау, әлеуметтік мәселелер мен экономиканың байланысын жұртқа түсіндіруге ықпал ете алады.
- Жергілікті / халықаралық БАҚ-та материал жазып, жариялау бойынша көмек пен сыйақы ала алады.
- ЮНЕП-тен қатысушы сертификатын алады.

## Құрылымы

Семинарды сторителлiң саласындағы тәжірибесі мол журналист әрі тренер Алевтина Мадиярова өткізеді. Семинарда сторителлiң үшін маңызы жоғары үш бағыт қарастырылады:

- Деректерді/жұрттың әңгімесін жинау процесінің не екенімен танысып, тереңінен түсінуді көздейтін мастер-кластан тұратын техникалық машықтар.
- Адамдардың бастан кешкен оқиғасын іздеу, оны ұсыну, соған сүйеніп материал жазып, оны беттеу әдістерінен тұратын редакторлық машықтар.
- Курс уақытында қысқа әңгіме жазуға керек тәжірибелік машықтар.

## Көзделген аудитория

Тренинге фотожурналистикамен, видео/документалистикамен айналысатын, баспа/веб-басылым шығаратын, экология мәселелерін, әсіресе Орталық Азия өңіріндегі климаттың өзгеруі мен оның салдары туралы жазып тұратын Қазақстандағы БАҚ-та штатта/штаттан тыс жұмыс істейтін Қазақстан журналистері қатыса алады.

Сондай-ақ өтініш берушілер қандай да бір саяси партияға мүше болмауы керек немесе қандай да бір саяси қызметпен айналыспауы керек, оған қоса қызметі дінмен ғана байланысты болмауы керек.

## Үміткерлерге қойылатын талаптар

Жария хабарландырудың арқасында үміткерлер әділ түрде қаржыландыруға өтінім бере алады. Конкурсқа қатысу құқығына ие кандидаттар Тәжікстанда болуға тиіс.

## Іріктеу критерийлері

- Журналистикада кем дегенде 1-2 жылдық тәжірибе.
- Қазақ тілін және/немесе орыс тілін еркін меңгеру. Ағылшын тілін жұмыс деңгейінде білген жөн.
- Аса құлшыныс.
- Экология тақырыбын қозғай алу тәжірибесі.
- Репортерлік ортада жұмыс істей білу.
- Климаттың өзгеруі, климаттың өзгеруіне бейімделу мен орнықтылықты арттыру саласын техника жағынан білу.
- Маргиналданған қауымнан шыққан адамдар мен әйелдерге қатысуға өтінім берген жөн.

## Өтінім беру нұсқаулығы

Өтінімді 2024 жылғы 20 тамыздан кешіктірмей (Алматы уақыты бойынша түн ортасы) жіберу керек. Толық толтырылмаған өтінімдер немесе дедлайннан кейін жіберілген қарастырылмайды. Өтінім беру мерзімі аяқталғаннан кейін іріктеуден өткен қатысушыларға бір апта ішінде хат жіберіледі.

**Толтырылған сауалнама мен түйіндемені (ағылшын тілінде 1 беттен артық емес) мына электрондық поштаға жіберіңіздер:**

Laurent Fouinat  
Elmira Mustafa

[laurent.fouinat@grida.no](mailto:laurent.fouinat@grida.no)  
[elmira.mustafa@acbk.kz](mailto:elmira.mustafa@acbk.kz)

**Косымша ақпарат алғыңыз келсе, бізге**

CAMCA веб-сайты:

<https://camcproject.org/>

Supported by:



Federal Ministry  
for the Environment, Nature Conservation,  
Nuclear Safety and Consumer Protection



INTERNATIONAL  
CLIMATE  
INITIATIVE